**Қазақстан Республикасында Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 508 қаулысы.

**Қазақстан Республикасында Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспары (бұдан әрі – Кешенді жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісу бойынша), сондай-ақ Кешенді жоспардың орындалуына жауапты өзге де ұйымдар ( келісу бойынша):

1) Кешенді жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы іске асырылуын және көрсеткіштерге қол жеткізуді қамтамасыз етсін;

2) жылына екі рет, есепті жартыжылдықтан кейінгі 15 қаңтардан және 15 шілдеден кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне Кешенді жоспар іс-шараларының орындалу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жылына екі рет, есепті жартыжылдықтан кейінгі 15 ақпаннан және 15 тамыздан кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Кешенді жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының**
**Премьер-Министрі Ә. Смайылов**

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 26 маусымдағы
№ 508 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасында Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023 – 2025 жылдарға арналған**
**КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ**

**Кіріспе**

**Есірткіге қатысты ахуал туралы**

Қазіргі уақытта тұтынылатын есірткінің мынадай негізгі түрлерін бөліп көрсетуге болады:

апиындар, оның ішінде Қазақстан мен Орталық Азия мемлекеттерінің аумақтары арқылы өтетін және шектес мемлекеттердің ұйымдасқан қылмысы белсенді пайдаланатын, еліміздің аумағы арқылы Ауғанстаннан "Солтүстік маршрут" деп аталатын транзитпен өтетіндер;

өндірісі ел аумағында кеңінен таралған синтетикалық есірткілер;

өзі өсетін және қолдан өсірілген қарасора және оның туындылары;

құрамында "дәріханалық" нашақорлық деп аталатын психобелсенді заттар бар дәрілік препараттар.

Елде есірткінің таралуын тудыратын жағымсыз факторлар:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының жекелеген учаскелерінің заманауи техникалық құралдармен жеткілікті жарақталмауы салдарынан есірткінің, прекурсорлардың, оларды дайындау үшін пайдаланылатын өзге де заттар мен жабдықтардың транзиттік түрлерін заңсыз әкелудің тұрақты арналарының болуы;

қараусыз қалған құдықтарды, өзге де коммуникацияларды, сондай-ақ көліктік-логистикалық жүктермен жеткізілетін заңды ингредиенттерді ( конструкторларды) пайдалана отырып, әдетте, адам аз жүретін жерлерде жабдықталатын жасырын есірткі өндірістерінің, оның ішінде плантациялардың және каннабис өсіру жөніндегі "фито-зертханалардың" аса бүркемеленуі;

есірткі диллерлерінің ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін белсенді енгізуі ( Даркнет, мессенджерлер, криптоәмияндар және т.б.);

клиниканың жеткіліксіз зерттелуі және синтетикалық есірткінің жаңа түрлерін зерттеу әдістемесінің жетілдірілмеуі, бұлар қоғамның осы заттарға мүлдем төзбеушілігін және олардың таралуына қарсы күрестің тиімді құқық қорғау тетігін қалыптастыруға мүмкіндік бермейді.

Есірткінің заңсыз айналымының жыл сайынғы көлемі шамамен 20-25 тоннаны құрайды, оның 95%-дан астамы каннабис тобындағы есірткіге, 5%-ға жуығы синтетикалық есірткіге, ал 1%-дан азы апиынға, героинге және заттардың өзге де түрлеріне тиесілі. 2022 жылы оларды тәркілеу көрсеткіштері: жалпы саны – 15,9 тонна, оның ішінде "синтетика" – 582,9 кг (3,6%), героин мен апиын – 172,7 кг (1%), марихуана мен гашиш – 6,7 тонна (42%), каннабис – 8,5 тонна (53,2%).

Отандық есірткі нарығында каннабиноидтардың басым болуы, ең алдымен, "Шу алқабында" (шамамен 140 мың га) құрамында есірткі бар қарасора өсетін ірі ошақтардың болуымен байланысты. Табиғи процестер барысында бұл ареалдардың бытыраңқылығы, оларға барудың қиындығы және жыл сайын ауысып тұруы оларды жою жөніндегі алдын алу шараларының тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік

бермейді. Бұған каннабистің тамыр жүйесі құрылымының ерекшелігімен байланысты экологиялық аспектілер де кедергі келтіреді, бұл топырақты ұстап тұруға және ондағы ылғалдың қажетті мөлшерін сақтауға ықпал етеді, бұл аталған аумақты жайылымдар мен басқа да ауыл шаруашылығы мақсаттарын ұйымдастыруға қолайлы етеді.

Мұндағы тағы бір фактор Қызылорда, ішінара Түркістан, Ақтөбе және Ұлытау облыстарының аумағында "Үнді" қарасорасын заңсыз өсіруді ұйымдастыру болып табылады. Қылмыстық әрекеттің бұл түрі осы өңірлердің құмға жете бергендегі және адам аз жүретін басқа да учаскелерінде есірткі плантацияларын анықтау және жою үшін авиация мен басқа да арнайы күштер мен құралдар алғаш тартылған 2010-шы жылдардың ортасына қарай шарықтау шегіне жетті.

Нәтижесінде каннабисті заңсыз өсіру тенденциялары айтарлықтай тоқтатылды. Сонымен қатар әуе барлауы оның таралуына қарсы күрестің ең тиімді әдісі болып қала береді. Осыған байланысты есірткі дайындаушыларды ұстау тактикасы ғана түзетуді қажет етеді, ІІО-ны пилотсыз ұшу аппараттарымен, автомобиль көлігімен және әуе барлауы құралдарымен жарақтандыру олардың қызметін жасырын анықтау мен құжаттауға ықпал еткен болар еді. Бұл ретте тікұшақ техникасы басып алу топтарын десанттау үшін ғана қолданылатын болады, бұл оның моторесурсын едәуір арттырады.

Соңғы жылдары апиындарды әсері соларға ұқсас, бірақ анағұрлым арзан синтетикалық препараттар белсенді алмастырып келе жатқанына қарамастан олардың отандық есірткі нарығында болу сипаты тұрақсыз. Бұған есірткі өндірісінің тікелей әсерін және Ауғанстанда қалыптасып отырған күрделі қоғамдық-саяси жағдайды ескерсек, осы бағыттағы есірткіге қатысты ахуал түрлі сценарийлер бойынша өрбуі мүмкін: бір жағынан, Ауғанстанның қазіргі билігі есірткіге қарсы ымырасыз күрес бағытын ұстанады, екінші жағынан, көп жылдар бойы елдегі есірткі бизнесі халықтың негізгі табыс көзіне айналды және тиісінше мемлекет қазынасын толықтырып келді.

Осыған байланысты ауған апиындарының транзитіне байланысты ахуалдың одан әрі өрбуін болжау тереңдетілген жеке талдау жүргізуді қажет етеді, өйткені бұл проблема Қазақстандағы және Орталық Азияның басқа елдеріндегі есірткіге қатысты ахуалды анықтайтын басқа факторлармен өзара байланысты.

Есірткі нарығының синтетикалық жолмен алынған жаңа психологиялық белсенді заттармен молығуы жаһандық жалпы әлемдік проблема болып табылады. Қазақстанда олардың таралуының алғашқы алғышарттары 2010-шы жылдардың басында пайда болды, ол кезде мысалы, Ресей мен Белоруссияда "синтетикадан" қайтыс болу тым жоғары шекке жеткен еді.

Бұл проблеманы жедел шешу үшін, ең алдымен, есірткіге қарсы заңнама 2015 жылы есірткі мен психотроптық заттардың "аналогтары" институтын енгізу, 2019 жылы Үкіметке бақыланатын заттардың тізімін бекіту, сондай-ақ 2021 жылы "синтетиканы" сақтағаны үшін қылмыстық жауапкершілік 1 грамнан басталатын есірткінің ауыр түрлеріне жатқызу құзыретін беру жолымен жаңғыртылды.

Қабылданған нормалардың арқасында Қазақстанда бүгінге белгілі синтетикалық есірткінің барлық дерлік қауіпті түрлері (барлығы 300-ге жуық заттар және олардың 1 мыңнан астам аналогтары) бақыланады.

Сонымен қатар 2010-шы жылдардың соңында есірткі саудасында шетелдік онлайн-платформалар, лездік хабар алмасу сервистері, электрондық әмияндар, ал кейінірек криптовалюта, иесіздендірілген және жалған, "дроп-шоттар" белсенді қолданыла бастады.

Осыған байланысты 2020 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Интернет арқылы есірткі тұтынуға икемдеу және өткізу тиісінше ауыр және аса ауыр қылмыстар санатына жатқызылды. Сондай-ақ қылмыстың жаңа құрамы – есірткіні жарнамалау және насихаттау енгізілді.

Бүгінгі таңда "синтетиканың" кең таралуының аталған факторларына, әдетте, Ресейде және Қытайда шығарылған прекурсорлар мен жабдықтар пайдаланылатын жасырын есірткі зертханалары жағдайында меншікті өндірістің жолға қойылуы қосылды. Сонымен қатар түрлі концентраттардың, прекурсорлардың және тұтынуға әзір заттардың негізінен Ресей аумағынан пошта жөнелтімдері мен көлік-логистикалық компаниялар арқылы контрабандасы жалғасуда.

Қазіргі уақытта есірткі бизнесінің жаңа көріністеріне қарсы күресті күшейту үшін Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі прекурсорлардың (олардың контрабандасы ғана қылмыстық жазаланады), есірткі жасау үшін пайдаланылатын өзге де заттар мен жабдықтардың (мұнда міндетті белгі оларды өткізу болып табылады) елдегі заңсыз айналымы үшін жауапкершілікті қатаңдатуды көздейтін заң жобасын қарастыруда.

Сонымен қатар осы бағыттағы нормативтік-құқықтық базаны одан әрі жетілдіру тиісті нормаларды жетілдіру бойынша түсініктемелер мен ұсыныстар әзірлей отырып, есірткіге қатысты құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша сот практикасын, әсіресе, олардың жаңадан енгізілген құрамдарын зерделеуден көрінеді.

Айта кету керек, жоғарыда аталған заң жобасында "дәріханалық нашақорлықта" қолданылатын "тропикамид" және "азот оксиді" сияқты дәрілік препараттарды қамтитын күшті әсер ететін заттарды теріс пайдаланғаны үшін жауапкершілікті күшейту көзделіп отыр. Негізінен бұл заттар "синтетика" мен есірткінің басқа түрлерінің әсерін арттыру үшін қолданылады және медициналық нарықтың дамуына байланысты толық тізбесі жоқ.

Сондықтан қазіргі кезеңде азаматтардың мұқтаж санаттарының осы препараттарға қолжетімділігін сақтап қалуды ескере отырып, теріс тұтыну нысанасына айналып отырған дәрі-дәрмек айналымын мониторингтеу және шектеу тетігін әзірлеп, олардың неғұрлым қауіптілерін есірткіге, психотроптық немесе күшті әсер ететін заттарға жатқызу туралы мәселені қарастыру қажет.

"Синтетиканың" таралуының жолын кесу мақсатында мынадай шараларды да көздеу маңызды:

есірткі дайындау үшін пайдаланылатын прекурсорларды, өзге де заттар мен жабдықтарды, ең алдымен, тиісті жүктерді шекаралық және кедендік тексеріп-қарау аймақтарында бақылауды күшейту, соңғы уақытта ондаған тоннамен тәркіленетін мұндай заттардың "шығу тегін", уыттылығы мен химиялық құрамын айқындай отырып (а.ж. басынан бері – 90 тоннаға жуық), оларды кейіннен өнеркәсіпте қолдану және ( немесе) кәдеге жарату мүмкіндігін қарастыру;

есірткі бизнесінде интернет-технологияларды пайдалануды шектеу, оның ішінде Қазақстанда қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына, сондай-ақ провайдерлік, банктік және почта қызметтеріне жататын шетелдік онлайн-платформалар мен жедел хабар алмасу сервистерінің өкілдіктерін кеңейту жолымен.

Мұнда ІІО-ның мамандандырылған бөлімшелерін заманауи аппараттық-бағдарламалық кешендермен жарақтандырумен қатар киберқылмысқа қарсы күрес саласындағы ІІМ-нің жалпы функционалын төмендегі бөлікте кеңейту мүмкіндігін қарастырған жөн;

ойын-сауық мекемелерінде және тиісті қауіп аймағына кіретін өзге де объектілерде есірткінің таралуына ықпал ететін жағдайларды жойып, олардың тізбесін кеңейту және тиісті әкімшілік-құқықтық нормалар призмасы арқылы есірткіні өткізудің және (немесе ) медицинадан басқа мақсатта тұтынудың жолын кесуге бағытталған шараларды регламенттеу (Қазақстан Республикасы ӘҚБтК 422-бабы);

есірткі тұтынушылардың дербес деректерін емес, олардың нақты санын анықтау қажеттігін негізге ала отырып, халықтың декреттелген топтары арасында психобелсенді заттарды қолдану тұрғысынан скрининг енгізу, олардың кезең-кезеңімен кеңеюін ескеру.

2015 жылы Нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрестің салалық бағдарламасының күші жойылған соң, Үкімет 2022 жылы мақұлдаған Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл және нашақорлықтың профилактикасы шараларын жетілдіру жөніндегі 2022 – 2023 жылдарға арналған жол картасы осы саладағы алғашқы әрі бірден-бір ведомствоаралық құжатқа айналғанын атап өткен жөн.

Бұдан басқа, ІІМ құрылымында мемлекеттік мекеме ретінде жұмыс істеген бейінді Комитет 2014 жылы Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаменті болып қайта құрылды, оның барлық функциялары, мақсаттары мен міндеттері сақталды. Алайда оның штат саны 2 есе қысқарды және өкілеттіктер нормативтік деңгейде айтарлықтай шектелді.

Дәл сол кезеңде басқа уәкілетті органдарға, оның ішінде кеденге қайта құрылымдау жүргізіліп, оның құқық қорғау функциясы ЭТҚ-ға беріліп, оның қызметкерлері кеден аймағына кіре алмайтын болды.

Нәтижесінде қалыптасқан ахуал ЭТҚ-нің есірткі контрабандасына қарсы іс-қимыл жасау мүмкіндіктерінің едәуір қысқаруына және, әсіресе, мемлекеттік есірткі саясатын қалыптастыру мен іске асыруда уәкілетті үйлестіруші орган ретіндегі ІІМ рөлінің әлсіреуіне алып келді.

Бірінші кезектегі шаралар

Есірткіге қарсы қызметті нақты бағдарламалық регламенттеудің болмауына байланысты бүгінгі таңда басты назар құқық қорғау, арнайы мемлекеттік органдар, сот-сараптама және наркологиялық мекемелердің белгілі бір байланысы бар есірткі бизнесінің салдарымен күресуге аударылады.

Сонымен қатар тиісінше қаржыландырылатын болса, олардың әлеуеті есірткіге қатысты ахуалды шұғыл тұрақтандырудың тиімді платформасын құруға мүмкіндік береді, оған таяудағы перспективада мынадай шараларды қабылдау ықпал етуі мүмкін:

шекаралық өткізу пункттерін тауарлық-материалдық құндылықтар мен заңды химиялық өнім түрінде ауыр жүк көлігімен тасымалданатын есірткіні, прекурсорларды және есірткі зертханаларына арналған жабдықтарды табу жөніндегі тексеру жабдықтарымен жарақтандыру;

жаңа синтетикалық есірткіні, сондай-ақ азаматтарды медициналық куәландыру шеңберінде денсаулық сақтау органдары алатын қан үлгілерін және басқа да биоматериалдарды жылдам зерттеу бойынша сот сараптамасы органдарының материалдық-техникалық базасын нығайту;

есірткіге тәуелділікті ерте сатыларда анықтау бойынша есірткі тұтынушылардың дұрыс есебін қалыптастыруға, нашақорлықтың алдын алудың барабар шараларын әзірлей отырып, есірткіге қатысты ахуалды тиімді талдауға ықпал ететін скринингті енгізу;

емдеу-оңалту орталықтарын жаңғырту және ашу, емдеу-еңбек шеберханаларының дайын өніміне сұранысты арттыру, жеке есірткі орталықтарында психобелсенді заттарға тәуелді адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету мониторингі;

каннабисті дайындау, оның таралу арналарын анықтау және жолын кесу, сондай-ақ қазіргі заманғы техникалық құралдарды қолдана отырып, адам аз жүретін жерлерде жасырын есірткі зертханаларын жою тиімділігін арттыру.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарының (бұдан әрі – Кешенді жоспар) іс-шараларын іске асыруға бюджеттен 53,1 млрд теңге бөлу көзделген, оның ішінде 367 млн теңгеге жуығы – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Сот сараптамалары орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының меншікті қаражаты.

| Р/с № | | | | Орындауға | **Қаржыландыру көлемі, мың теңге** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **барлығы 2023-** | **оның ішінде** | | | |
| | | | | | | | | | |

| | Іс-шараның атауы | Аяқтау нысаны | Орындау мерзімі | жауаптылар | 2025 жылдарға | 2023 жыл | 2024 жыл | 2025жыл | Қаржыландыру көздері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| **Күтілетін нәтиже:** | | | | | | | | | |
| | Синтетикалық жолмен алынатын есірткі мен психотроптық заттарды тұтынушылар ретінде алғаш рет есепке қойылған адамдардың санын 2023 ж. 5%, 2024 ж. 10%, 2025 ж. 15% көбейту арқылы есірткі тұтынушылардың жасырын болуын төмендету *(дереккөз: ҚСАЕАК-тің 1-Н есебі )* | | | | | | | | |
| | "Нашақорлық" диагнозымен динамикалық бақылаудағы кәмелетке толмағандардың жалпы санынан ұзақ ремиссиямен динамикалық бақылаудан алынған кәмелетке толмағандардың үлесін 2023 ж. 15%, 2024 ж. 18%, 2025 ж. 20% ұлғайту *(дереккөз: Денсаулық сақтау министрлігінің деректері)* | | | | | | | | |
| | Заңсыз айналымда табылған заттардың жаңа түрлерімен толығуы есебінен ҚР-да бақылауға жататын есірткі мен прекурсорлардың тізімдерін 2023 ж. 5%, 2024 ж. 5%, 2025 ж. 5% өзектілендіру *(дереккөз: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 3 шілдедегі № 470 қаулысы)* | | | | | | | | |
| | Синтетикалық препараттардың заңсыз айналымнан алынуын ұлғайту арқылы олардың қолжетімді болуын 2023 ж. 10%, 2024 ж. 15%, 2025 ж. 20% қысқарту *(дереккөз: ҚСАЕАК-тің 1-Н есебі)* | | | | | | | | |
| | Ерікті емдеуден өткен есірткіге тәуелділердің жалпы санынан медициналық-әлеуметтік оңалту бағдарламасымен қамтылған адамдардың үлесін 2023 ж. 26%, 2024 ж. 28%, 2025 ж. 30% ұлғайту *(дереккөз: Денсаулық сақтау министрлігінің деректері)* | | | | | | | | |
| | Синтетикалық есірткіге сот сараптамасын жүргізу мерзімдерін 2023 ж. 10 тәулікке дейін, 2024 ж . 5 тәулікке дейін, 2025 ж. 3 тәулікке дейін қысқарту *(дереккөз: Әділет министрлігінің мәліметтері)* | | | | | | | | |
| | Есірткі дайындау үшін пайдаланылатын прекурсорлардың, өзге де заттар мен жабдықтардың, заңсыз айналымының жолын кесіп, оларды тәркілеуді 2023 ж. 5 есе, 2024 ж. 10 есе, 2025 ж. 15 есе өсіру *(дереккөз: ҚСАЕАК-тің 1-Н есебі)* | | | | | | | | |
| | Заңсыз интернет-контенттің жалпы құрылымындағы олардың үлесінің мазмұнымен есірткі сайттарын 2023 ж. 25%, 2024 ж. 27%, 2025 ж. 30% анықтау және бұғаттау *(дереккөз: " Кибернадзор" АЖ)* | | | | | | | | |
| **Есірткіге қатысты ахуалды және оның өрбу үрдістерін талдау** | | | | | | | | | |
| | Есірткі нарығының трансформациясы, қазіргі заманғы есірткі бизнесінің жаңа сын-қатерлері мен қауіптерінің пайда | | | | - | - | - | - | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | болуы жағдайында есірткіге қатысты ахуалдың өрбуіне терең талдау жүргізіп, мыналарға назар аудару: | | | | | | | | талап етілмейді |
| 9.1 | елдегі есірткі тұтыну деңгейі, тұтынылатын есірткі түрлері және Қазақстан аумағы арқылы есірткі трафигінің нақты көлемі туралы объективті деректерді анықтау | талдамалық шолулар | 2023 - 2025 жылдар, жартыжылдықта бір рет | ІІМ, ДСМ, БП (келісу бойынша) "ССО" РМҚК (келісу бойынша) | - | - | - | - | талап етілмейді |
| 9.2 | ішкі есірткі нарығының ауқымы мен көлемін белгілеу | | | | - | - | - | - | талап етілмейді |
| | ел ішінде синтетикалық есірткі өндіру | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 9.3 | факторының және оларды жасайтын зертханалардың болуының әсері | | | | - | - | - | - | талап етілмейді |
| 9.4 | " Солтүстік маршрут " бойынша апиындар мен метамфетамин трафигінің үрдістері | | | | - | - | - | - | талап етілмейді |
| | БҰҰ ЕҚБ жүргізетін " Балқан" және " Оңтүстік " бағыттары бойынша ауған есірткі трафигіне қатысты ахуалды талдау мен бағалауға қатысу | талдамалық шолулар | 2023 - 2025 жылдардағы 4-тоқсан | ІІМ, СІМ | - | - | - | - | талап етілмейді |
| **Заңнамалық және нормативтік құқықтық базаны жетілдіру** | | | | | | | | | |
| | Мыналармен: | | | | - | - | - | - | талап етілмейді |
| | синтетикалық есірткі | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 11.1 | өндірісімен, бұл ретте пайдаланылатын заттармен жабдықтардың заңсыз айналымымен; | | | | | | | | |
| 11.2 | хабарландыру сайттарында және басқа да танымал онлайн-платформаларда есірткінің "жасырын" жарнамасын орналастыру арқылы есірткі бизнесіне адамдарды арбап көндірумен; | | | | | | | | |
| 11.3 | "жалған" ("дроп") шоттарды ашу, абоненттік нөмірлерді ресімдеу және есірткімен заңсыз мәмілел | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ер жасау үшін өзге де көрсетілетін қызметтер үшін дербес деректерді ұсынумен; | Қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобы отырысының хаттамасы | 2023 - 2025 жылдардағы 4-тоқсан | Әділетмині, ІІМ, ҰҚК (келісу бойынша), БП (келісу бойынша) | | | | | |
| 11.4 | көлік-логистикалық ұйымдардың, жеке таксопарктердің, жеткізу қызметтерінің және т.б. иелерінің есірткіні өткізудің және (немесе) медицинадан басқа мақсатта тұтынудың жолын кесуге қатысты шаралар қабылдамаумен байланысты нормаларды жетілдіру бойынша түсіндірмелермен | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ұсыныстар әзірлеу мақсатында есірткіге қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтар, оның ішінде олардың жаңадан енгізілген құрамдары бойынша сотқа дейінгі практика мен сот практикасын зерделеу | | | | | | | | | |
| **Қазіргі заманғы есірткі бизнесінің жаңа сын-қатерлері мен қауіптеріне қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыру** | | | | | | | | | | |
| | Синтетикалық есірткінің таралу, оның ішінде электрондық ақпараттық ресурстарды *(әлеуметтік желілер, мессенджерлер, электрондық әмияндар және т.б.)* пайдала | нысаналы жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу | үнемі | ІІМ, ҰҚК (келісу бойынша), ҚМА (келісу бойынша), БП (келісу бойынш | | | | | РБ, ЖБ (қолда бар бюджет қаражаты шегінде) | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ну арқылы қатынас жасамай жасырып кету тәсілімен таралу фактілерін анықтау | | | а), ЖАО ) | | | | | | |
| 13. | "Есірткі зертханаларын" ұйымдастырушыларды жауапкершілікке тарту, олардың қызметінің жолын кесу, сондай-ақ "синтетиканы" өндіру үшін пайдаланылатын жабдықтарды ("конструкторларды"), прекурсорлардың, реакторлардың, өзге де заттардың қоймалары мен "жасырылған орындарын" анықтау | жедел-іздестіру және басқа да арнайы іс-шараларды іске асыру | үнемі | ІІМ, ҰҚК (келісу бойынша), ҚМА (келісу бойынша), БП (келісу бойынша), ЖАО | | | | | РБ, ЖБ (қолда бар бюджет қаражат | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | және жою | | | | | | | | ы шегінде) |
| 14. | Түнгі клубтарда және басқа да ойын-сауық орындарында есірткінің және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымының алдын алу және жолын кесу | жедел-профилактикалық және рейдтік іс-шараларды ұйымдастыру | үнемі | ІІМ, ДСМ, ҰҚК (келісу бойынша), ҚМА (келісу бойынша), БП (келісу бойынша), ЖАО | | | | | РБ, ЖБ (қолда бар бюджет қаражаты шегінде) |
| 15. | Сыртқы және ішкі "бақылай отырып жеткізіп беруді" жүргізе отырып, есірткі бизнесіне қатысы бар ұйымдасқан қылмыстық топтарды, оның ішінде трансұлттық топтарды ыдырату | бірлескен жоспарлар | үнемі | ІІМ, ҰҚК (келісу бойынша), ҚМА (келісу бойынша), БП (келісу бойынша) | | | | | РБ, ЖБ (қолда бар бюджет қаражаты шегінде) |
| | ҮЕҰ, блогерл | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 16. | ер, IT-мамандар ("хакерлер"), волонтерлар мен жұртшылықтың басқа да өкілдерін тарта отырып, "граффити" мен есірткі сайттары туралы өзге де ақпаратты тарату арқылы Интернет желісінде есірткіні жарнамалауға және насихаттауға қарсы іс-қимыл | тиісті іс-шараларды өткізу | үнемі | ІІМ, АҚДМ, ҰҚК (келісу бойынша), ҚМА (келісу бойынша), БП (келісу бойынша), ЖАО | | | | | РБ, ЖБ (қолда бар бюджет қаражаты шегінде) | |
| 17. | Кең жолақты Интернетке ІІМ бірыңғай шлюзін айналып өтіп қосылған заңсыз контентті анықтау үшін заманау | қабылдау актілері | 2023 - 2025 жылдардағы 4-тоқсан | ІІМ, ҰҚК (келісу бойынша), АҚДМ, ЖАО | 1 786 439 | 791 063 | | 479 889 | | РБ |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | и аппараттық-бағдарламалық кешендерді енгізу | | | | | | | 515 487 | |
| 18. | Есірткі бизнесіне қарсы күрес бөлімшелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту *( автокөлік , жабдық, ұйымдастырушылық техника және т.б .)* | қабылдау актілері | 2023 - 2025 жылдардағы 4-тоқсан | ІІМ | 1 844 131 | 401 336 | 795 740 | 647 055 | РБ |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | талап | |
| 19. | Құқық қорғау органдары мен ұлттық қауіпсіздік органдарының құқық қолдану практикасының нәтижелері бойынша есірткі құралдарының заңсыз айналымымен байланысты күдікті операциялардың өлшемшарттарын / белгілерін жетілдіру | қаржылық барлау бөлімшелеріне ұсыныстар, ҚМА бұйрығы | 2023 - 2025 жылдардағы 4-тоқсан | ҚМА ( келісу бойынша), ІІМ, ҰҚК ( келісу бойынша), ҰБ ( келісу бойынша ), ҚНРДА (келісу бойынша) | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | етілмейді | |
| 20. | Қазақстанның төлем ұйымдары мен қаржыгерлерінің қауымдастықтарын тарта отырып, есірткінің заңсыз айналымына байланысты күдікті операциялар бойынша мүдделі мемлекеттік органдардың қаржы институттарымен өзара іс-қимыл тетігін автоматтандыру жөніндегі халықаралық тәжірибені зерделеу | семинар өткізу, ұсынымдар әзірлеу және енгізу | 2023 – 2025 жылдардағы 4-тоқсан | ІІМ, ҚМА (келісу бойынша), ҰБ (келісу бойынша), ҚНРДА (келісу бойынша), ҰҚК (келісу бойынша) | | | | | талап етілмейді | |
| | Есірткіні жарнамалау және насихаттау фактілерін анықтау | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 21. | мен бейтараптандыру тұрғысынан бұқаралық ақпарат құралдарын, интернет-ресурстарды, оның ішінде әлеуметтік желілерді мониторингтеу жүйесін жетілдіріп, олардың ҚР аумағында таратылуын шектеу бойынша сот және соттан тыс тыйым салу шараларын қабылдау | Үкіметке ұсыныстар | 2024 жылғы 1-жартыжылдық | АҚДМ, ІІМ, ҰҚК (келісу бойынша), БП (келісу бойынша) | | | | | талап етілмейді |
| | Қазақстан Республикасы аумағында есірткі тарату үшін пайдаланылаты | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 22. | н шетелдік онлайн-платформалар мен интернет-ресурстардың лездік хабар алмасу сервистерінің заңды өкілдерінің тізілімін толықтыру | АҚДМ бұйрығы | 2023 – 2025 жылдардағы 4-тоқсан | АҚДМ, ІІМ, ҰҚК ( келісу бойынша) | - | - | - | - | талап етілмейді | |
| | Жаңа ақпараттық жүйені әзірлеу және енгізу | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 23. | арқылы телекоммуникация желілерінде тыйым салынған немесе тарату шектелген ақпаратқа қол жеткізуді анықтау, есепке алу және тоқтата тұру бойынша мемлекеттік органдардың қызметін жүйелеу | өнеркәсіптік пайдалануға беру актісі | 2024 жылғы 4-тоқсан | АҚДМ | - | - | - | - | талап | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | етілмейді |
| 24. | Есірткінің, прекурсорлардың, оларды дайындау үшін пайдаланылатын өзге де заттар мен жабдықтардың жаңа түрлерін бақылауға енгізу тетігін оңайлату | Үкіметке ұсыныстар | 2024 жылғы 1-жартыжылдық | ІІМ, ДСМ, "ССО" РМҚК (келісу бойынша) | - | - | - | - | талап етілмейді |
| | Теріс пайдалану нысанасы болып | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 25. | табылат ы н дәрілік препараттардың айналымы н шектеп, олардың аса қауіптілерін есірткі құралдарына, психотроптық немесе күшті әсер ететін заттарға жатқызу, мұқтаж азаматтар санаттары үшін қолжетімділікті қамтамасыз ету | Үкімет қаулысы ДСМ бұйрығы | 2023 - 2025 жылдардағы 4-тоқсан | ІІМ, ДСМ | - | - | - | - | талап | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | етілмейді |
| 26. | Дәрігердің рецепті бойынша босатылатын, оның ішінде құрамында күшті әсер ететін заттар бар дәрілік заттардың заңсыз өткізілуінің алдын алуды, анықтауды және жолын кесуді күшейту үшін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласында бақылау мақсатындағы сатып алуды енгізу | Заң жобасы | 2024 жылғы 2 -жартыжылдық | ДСМ, Әділетмині, ІІМ, БП ( келісу бойынша) | - | - | - | - | талап етілмейді |
| | Сот сараптамасы органдарын материа | | | | 10 009 837 | 2 017 585 | 3 996 126 | 3 996 126 | РБ |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 27. | лдық-техникалық, оның ішінде синтетикалық есірткінің жаңа түрлерін зерттеу бойынша стандартты үлгілермен жабдықтау | қабылдау актілері | 2023 - 2025 жылдардағы 4-тоқсан | Әділетмині "ССО" РМҚК (келісу бойынша) | 367446 | 122 482 | 122 482 | 122 482 | РМҚК "ССО" өз қаражаты |
| 28. | Тиісті бұлтартпау шарасын уақтылы таңдау мақсатында синтетикалық есірткіге сот сараптамасын жүргізу мерзімдерін қысқарту жөніндегі іс-қимыл алгоритмін әзірлеу | бірлескен бұйрық | 2023 жылғы 2 - жартыжылдық | Әділетмині, ІІМ, БП (келісу бойынша), ҰҚК (келісу бойынша), ҚМА (келісу бойынша) | - | - | - | - | талап етілмейді |
| | ҰҚК Шекара қызметі бөліністерін тексеріп - қарау жабдықтарымен, | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 29. | шекаралық бақылаудың техникалық құралдарымен, байланыс арналарында радиомониторинг жабдықтарымен, қызметтік иттермен қамтамасыз ету және оларды дайындау | қабылдау актілері | 2023 - 2025 жылдардағы 4-тоқсан | ҰҚК ( ШҚ) ( келісу бойынша) | 4 522 793 | 916 594 | | 1 991 996 | 1 614 203 | РБ |
| 30. | Ұлттық ұланның есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі жедел-профилактикалық іс-шараларға қатысу тиімділігін арттыру, оның ішінде: | | | | | | | | | |
| | "Бүркіт" арнайы мақсаттағы бөліністерінің авиация және | есірткі әзірлеушілерді, | 2024 - 2025 жылдар | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 30.1 | тікұшақ іздеу-шабуылдау тобымен әуе барлауын жүргізуі | есірткі локациясын анықтау | дағы маусым-қазан | ІІМ (ҰҰ) | 195 660 | 0 | 97 830 | 97 830 | РБ |
| 30.2 | "Бүркіт" арнайы мақсаттағы әскери бөлімдерін (бөліністерін) жарақтандыру үшін әртүрлі типтегі ҰҰА кешенін сатып алу | қабылдау актілері | 2024 - 2025 жылдардағы 4-тоқсан | ІІМ (ҰҰ) | 21 608 484 | 0 | 10 489 556 | 11 118 928 | РБ |
| 30.3 | "Бүркіт" арнайы мақсаттағы әскери бөлімдерін (бөліністерін) техникалық барлау құралдарымен жабдықтау | қабылдау актілері | 2024 - 2025 жылдардағы 4-тоқсан | ІІМ (ҰҰ) | 10 805 215 | 0 | 5 198 027 | 5 607 188 | РБ |
| | Есірткі қылмыстарын анықтау және құжаттау бойынша жедел-іздестіру | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 31. | іс-шараларын және жария емес тергеу әрекеттерін жүзеге асыру барысында құқық қорғау және ұлттық кауіпсіздік органдарының өзара іс-қимыл жасасуын регламенттеу | бірлескен бұйрық | 2024 жылғы 1 - жартыжылдық | ІІМ, БП (келісу бойынша), ҰҚК (келісу бойынша), ҚМА (келісу бойынша) | - | - | - | - | талап етілмейді |
| | Есірткіні , заттард | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 32. | ы және оларды дайындау үшін пайдаланылатын жабдықтарды табу мақсатында шекаралық және кедендік тексеріп - караудан өту аймақтарында бірлескен жедел-іздестіру және өзге де іс-шараларды тұрақты негізде жүргізу | жыл сайынғы бірлескен жоспар | 2023 - 2025 жылдардағы 4-тоқсан | ІІМ, Қаржымині, ҰҚК (келісу бойынша), ҚМА (келісу бойынша) | - | - | - | - | талап | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | етілмейді |
| 33. | Шекаралық және кедендік бақылау аймақтарында күдікті жүктерден есірткімен прекурсорларды анықтау бойынша газ талдағыштарды және экспресс-тестілерді сынақ режимінде қолдану | пилоттық жоба, Үкіметке ұсыныстар | 2024 жылғы 1-жартыжылдық | Қаржымині, ҰҚК (келісу бойынша) | - | - | - | - | РБ (қолда бар бюджет қаражаты шегінде) |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 34. | Қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарының базасында басқару пункттерін құрып, Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде күдікті жүктерді бақылау жөніндегі байланыс офицерлерін бекіту | бірлескен бұйрық | 2023 - 2025 жылдардағы 4-тоқсан | ІІМ, Қаржымині, ҚМА (келісу бойынша), ҰҚК (келісу бойынша) | - | - | - | - | талап | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | етілмейді |
